



MEMLEKETTİK
KIRISTER
KOMITETI

KIRISTER QYZMETI







MEMLEKETTİK KIRISTER KOMITETİ

«KIPİSTER QYZMETİ» JURNALY

№ 9, 29.12.2022

Ғылыми-практикалық журнал
жылына 4 рет шығады

Қазақпаева Б.Д.

Қожабергенов Е.К.

Абылкасимова С.Ж.

Қасымқулова Л.Т.

Абдрахманова И.М.

Ташетов М.Д.

Жасубиева А.С.

Журнал ұйымдастырушысы:
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті

Шығарылымға жауапты
ҚР ҚМ МҚК Оқу-әдістемелік орталығы

Редакциялық алқа:
ҚР ҚМ МҚК Оқу-әдістемелік орталығының басшысы

ҚР ҚМ МҚК Халықаралық ынтымақтастық
басқармасының басшысы

ҚР ҚМ МҚК Оқу-әдістемелік орталығы басшысының
орынбасары

ҚР ҚМ МҚК Оқу-әдістемелік орталығы басшысының
орынбасары

ҚР ҚМ МҚК Оқу-әдістемелік орталығының
Талдау жұмысы бөлімінің басшысы

ҚР ҚМ МҚК Оқу-әдістемелік орталығының
Цифрландыру және қашықтықтан оқыту бөлімінің бас
маманы

ҚР ҚМ МҚК Оқу-әдістемелік орталығының
Талдау жұмысы бөлімінің бас маманы

Бейсенбі, 29 желтоқсан 2022 жылы
Журнал 2020 жылдан бастап шығарылады
Астана қ., Республика даңғ. 60,
ҚР ҚМ МҚК ОӘО, 010000
Тел/факс: (7172) 39-66-09
E-mail: umc01@mail.ru
www.kgd.gov.kz



Құрметті оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға «Кірістер қызметі» веб-журналының тоғызыншы шығарылымын ұсынуға қуаныштымыз!

Дәстүрді жалғастыра отырып, «Өңір» айдарында біз ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің қызметімен танысамыз.

Құрметті отандастар, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтауларыңызды қабыл алыңыздар! Бұл мереке біздің мемлекетіміздің бостандығы мен күшінің нышаны болып саналады. Тәуелсіздік алғаннан бері халқымыз Қазақстанның ұлы тарихын жаңа жетістіктермен және табысты өзгерістермен тамаша жалғастырды, тәуелсіздік жылдарында біз әлемдік тануға және үлкен прогреске қол жеткіздік.

Келе жатқан 2023 жылы Сіздерге зор денсаулық, амандық және тұрақтылық тілеймін! Сіздің үйіңізде әрқашан бейбітшілік, келісім және өзара түсіністік орнасын.

ДАНИЯР ЖАНӘЛІНОВ

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік кірістер комитетінің
Төрағасы



Құрметті оқырмандар!

Міне, web-журналдың тоғызыншы нөмірі де жарыққа шығып отыр. Басылымның әрбір нөмірі өзінше ерекше, өйткені бұл мемлекеттік кірістер органдарының жеткен жетістіктерімен, жинаған мол тәжірибесімен алмасатын алаңы болып табылады.

Журналдағы «Өңір» айдары ашылғаны қуантады, себебі осы арқылы біздің әріптестеріміз өз департаментінің қызметі туралы жаңалықтарымен бөлісіп, өңірдің көрікті жерлерімен, естелік оқиғаларымен таныстыра алады.

Бұл шығарылым Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне арналған. Журналдың осы шығарылымында Сіздерге бюджеттің кіріс бөлігінің орындалуын қамтамасыз етуде жүктелген міндеттерге үлкен жауапкершілікпен қарайтын біздің ұжыммен таныстырғанымызға қуаныштымыз.

Басылымда Департаменттің құрылуы мен ішкі құрылымы, біздің жетістіктер, жұмыс барысында енгізіліп жатқан жаңа әдістер, фискалдық бақылау тәсілдері, борышты өндіріп алу және де басқа мәселер туралы айтып беруді жөн көрдік.

«Өңір» айдарында еліміздің үшінші мегаполисінің керемет жерлерімен танысасыз. Ең бастысы, біздің экономикамыздың дамуына үлес қосқан және үлес қосып жүрген ардагерлер мен ұжым қызметкерлері туралы тақырыпты көтердік.

Олардың үйлесімді еңбегінің арқасында мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі – халықтың әл-ауқатын арттыру мәселесі оң шешімдерін табуда.

Журналды оқу барысындағы уақыттарыңызға сәттілік тілеймін!

Уважаемые читатели!

Вышел в свет девятый номер профильного web-журнала. Каждый номер нашего издания уникален по-своему, ведь это своего рода площадка для взаимодействия органов государственных доходов и инструмент для обмена опытом и достижениями.

Отрадно, что в журнале есть рубрика «Регион», в которой специалисты из разных регионов освещают деятельность своих департаментов, знакомят читателей со спецификой своего ведомства, а также с достопримечательностями региона, происходящими знаковыми событиями, рассказывают о работниках и ветеранах органов государственных доходов.

В этом выпуске освещается деятельность Департамента государственных доходов по городу Шымкент. Мы рады познакомить читателей со страниц журнала с нашим коллективом, который со всей ответственностью относится к возложенным задачам в обеспечении исполнения доходной части бюджета.

Здесь мы рассказываем о создании департамента, его структуре, достижениях, новшествах и методах, внедренных в своей работе.

Вы познакомитесь с уникальными местами нашего мегаполиса, а самое главное, мы расскажем о людях - ветеранах службы и действующих сотрудниках, которые вносили и вносят лепту в развитие экономики.

Благодаря слаженному труду работников органов государственных доходов оперативно и успешно решается одна из важнейших задач государства - повышение благосостояния населения страны.

Всем желаю приятного чтения!

ҚАРЫМСақОВ БЕЙБІТ ЕРКІНБАЙҰЛЫ

Шымкент қаласы бойынша МҚД басшысы

КАРЫМСақОВ БЕЙБИТ ЕРКИНБАЕВИЧ

Руководитель ДГД по городу Шымкент

ЖУРНАЛ НӨМІРІНІҢ ШЫҚҚАН СӘТІ БІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ҰЛЫ
КҮНДЕРІМЕН ТҰСПА-ТҰС КЕЛІП ОТЫР –
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КҮНІ,
ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА – ТЕҢГЕ КҮНІ ЖӘНЕ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ!

25 қазан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КҮНІ

1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларация қабылданды. Құжатта тұтастық, бөлінбеушілік, қол сұғылмаушылық және халықтар мәдениеті мен олардың тілдерін дамыту, ұлттық бірегейлікті нығайту сияқты мемлекеттілік қағидаттар бекітілген. Осы жылдан бастап бұл күн ұлттық мереке мәртебесіне ие болды.

15 қараша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ ЖӘНЕ ЕЛІМІЗДІҢ ҚАРЖЫГЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ

Қазақстанда 15 қараша күні - Ұлттық валюта күні, қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып жарияланған. Қазақстандық теңге 29 жасқа толды. Дәл осы күні алғашқы Қазақстандық теңге айналымға еніп, кеңестік рубльдің тарихына нүкте қойылды. Ұлттық төл валюта кез-келген мемлекеттің саяси және экономикалық тәуелсіздігінің атрибуты болып табылады.

16 желтоқсан

АТА БАБАМЫЗДЫҢ АРМАНЫ ОРЫНДАЛЫП, ЖАСАМПАЗДЫҒЫМЫЗДЫ ЖАҢА БЕЛЕСКЕ КӨТЕРГЕН ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

Тәуелсіздік - бұл кез келген мемлекеттің зор мәртебесі. Тарихы тереңде жатқан еліміздің егемендік алған күні. Осы жылдар ішінде тәуелсіз мемлекетіміз қалыптасып, барлық салада көптеген елеулі оңтайлы өзгерістер орын алып, еліміз жаңғырып жатыр. Жаңа мемлекеттің жан-жақты дамуының, нарықтық экономика мен демократияның қалыптасуының басты шарты елдің тәуелсіздігін алу болды. Егемендіктің арқасында ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізу және болашақ жоспарларды жүзеге асыру бойынша шығармашылық даму басталды. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан халықаралық аренада танымал болып, әлемдік экономикалық жүйеде лайықты орын алды.

Мемлекеттік кірістер органдары- мемлекет өмірінің және халықтың әл-ауқатының негізгі тіректерінің бірі. Бұл жерде біздің қызметкерлердің күнделікті еңбектерінің үлесі өте маңызды.

Құрметті әріптестер!
Құрметті ардагерлер!

Сіздерді аталған мерекелермен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздердің атқарып жүрген жұмыстарыңыздың алдағы уақытта да Қазақстан экономикасын дамытуға және нығайтуға негізделіп, еліміздің әл-ауқатына ықпал ететініне сенімдіміз.

Сіздерге жемісті жұмыс, кәсіби табыс, тұрақтылық және қызметте жаңа белестер тілейміз!


ЖАҢА МӘРТЕБЕ

2018 жылғы 19 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы болып өзгертілді, ал оның әкімшілік орталығы Шымкенттен Түркістан қаласына көшірілді. Шымкент қаласы республикалық маңызы бар қалалардың санатына жатқызылып, Оңтүстік Қазақстан облысының құрамынан шығарылды.



ШЫМКЕНТ

Қазақстандағы халық саны бойынша үшінші және аумағы бойынша бірінші қала. Оңтүстіктің жүрегі - Қазақстанның ең көне қалаларының бірі, тарихы XII ғасырдан басталады. Ол жазық даланың ортасында, Оңтүстік күннің ыстық сәулелерінің шуағындағы оазис сияқты, орналасқан. Бұл Шығыс пен Батыс қиылысқан, ежелгі мыңжылдықтардың рухы замануи мегаполистің тынысымен үйлесімді жарасқан қала. Шымкенттің тарихын шолып өтсеңіз: ортағасырлық бекіністен бастап уездік провинциялық қалашық, өнеркәсіптік орталық және қазіргі қарқынды дамып келе жатқан мегаполис - елдегі ең ірі қалалардың бірімен танысасыз.



Өнеркәсіптік және экономикалық дамуы

Шымкент - Қазақстанның өнеркәсіптік және экономикалық дамуының басты орталықтарының бірі. Қалада бірқатар ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар бар.

Қаладағы жүзеге асырылып жатқан мәдениет саясаты, ең алдымен халықтың қалыптасқан өмір салтынан, жүзден астам мәдениет бір-бірімен тығыз байланысқан полиэтникалық қоғамның ерекше ұлттық мәдениеттерінің синтезін ескере жүргізіледі. Мұнда көптеген мәдени ұлттық орталық жұмыс атқарады, олардың өкілдері қаланың өркендеуіне, бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді сақтауға өз үлестерін қосуда қарқынды жұмыс атқарып отыр.

ҮШІНШІ МЕГАПОЛИС НЕМЕН ТАНЫМАЛ?

Сіз Шымкентте болдыңыз ба? Егер жоқ болса, біз оның көрнекті жерлеріне виртуалды саяхат жасауды ұсынамыз!



«БӘЙДІБЕК БИ МОНУМЕНТІ»

Шымкентте ғана емес, бүкіл Қазақстанда ең биік ескерткіш – қазақ халқының бірігуінде маңызды рөл атқарған қазақ биі Бәйдібек Қарашұлының биіктігі 10 метрлік мүсіні, қаланың ең биік жерінде орнатылған. Бұл қаланы жоғарыдан тамаша көрінісін бақылау алаңы, бұл нысанды қаламен алғашқы танысу картасы, - деп айтуға болады.

ШЫМКЕНТ ДЕНДРОЛОГИЯЛЫҚ САЯБАҒЫ

Шымкент дендросаябағы 43 жылдан бері жұмыс істейді. Мұнда 120 гектарға жуық ағаштар мен өсімдіктердің, ішінде Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген, жүздеген түрлері бар. Негізі саябақтың ішінде барлық өсімдіктер бірнеше географиялық аймақтарға бөлінген, олардың ішінде: Солтүстік Америка, Шығыс Азия, Орталық Азия және Қазақстан, Қиыр Шығыс Сібір, Еуропа, Қырым-Кавказ. Саябақтың аумағында жануарлардың табиғи мекендейтін аймақтары да бар - хайуанаттар бағы. Дендропаркте әрдайым туристер көп, ал жергілікті тұрғындар мұнда үнемі серуендеп жүреді және бұл жерді қаланың өкпесі деп атайды.



Жаяу жүру жолдарының жанында (велосипед жолдары да бар) тиіндер, ал орталық көлде аққулар бар. Мұнда белгілі жергілікті және шетелдік саясаткерлер отырғызған атаулы ағаштар аллеясы бар.





АБАЙ САЯБАҒЫ

Шымқаланың цирк пен аквапарк маңында Орталық қалалық мәдениет және демалыс саябағы орналасқан. Саябақ қазақ ағартушысы, ақын, философ және әдебиетші Абай Құнанбаевтың есімімен аталады. Мұнда әр түрлі жастағы шымкенттіктердің табиғатты тамашалап асықпай серуендеуге арналған аллеялар бар.



Саябақтың жанында Ұлы Отан соғысына қатысушыларға обелиск тұрғызылған, онда Оңтүстік Қазақстан облысынан соғысқа аттанған барлық адамдардың аты-жөні қара мәрмәрге ойылған.



«ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 20 ЖЫЛ» САЯБАҒЫ

**Шымқаланың - тағы
бір маңызды нысаны -
2011 жылы ашылған
жаңа дәстүрдегі саябақ.**



Оның ортасында Қазақстан халықтарының бірлігі монументі орнатылған - оның құрамында металдан жасалған 137 элемент бар, олардың әрқайсысы елде тұратын ұлттарды бейнелейді.

Олар бірліктің және отбасылық ошақтың символы – шаңырақты (киіз үйдің күмбезі, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ерекше отбасылық жәдігер) тіреп тұр. Тәуелсіздік саябағының ерекшелігі - ән шырқайтын субұрқағы және ерекше гүл композициялары.



ШЫМКЕНТ ЕСКІ ҚАЛАШЫҒЫ - ЦИТАДЕЛЬ



Цитадель Шымкент қаласының тарихи өзегі болып саналады. Қазіргі уақытта цитадельдің: ені - 40х50 метр және биіктігі 25 метрден асады. Мұнаралық құрылыстардың жердегі үйліп қалған қалдықтары - биіктігі 1,5-2 метрлік сыртқы қорғау қабырғалары болып сақталып қалған.

Бұл жердің қазба жұмыстары 19 ғасырдың 50-жылдарынан бері жүргізіліп келеді. 2000 жылдардың басында археологтардың бұл жерге деген қызығушылығы артып, қазба жұмысы белсенді жүргізіледі. Сол кездегі зерттеу нәтижелер Шымқаланың қалыптасу уақытын анықтап, жасы кемінде 2200 жылды құрайтынын дәлелдеген.

Қалашықтың мәдени қабаттарының қалыңдығы 14 метр. Археологтар ең төменгі қабатынан біздің дәуірге дейінгі III ғасырдың аяғы мен II ғасырдың басы кезіндегі Кангю мемлекетінде қолданылған қыш ыдыстардың сынықтарын тапты. Тарихшылардың айтуынша, Кангю мемлекетінің орталығы біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырда орта Сырдарияда орналасқан. Осылайша, археологтар қаланың қалыптасу уақытын - II ғасыр деп анықтады, сәйкесінше Шымкент қаласының жасы - 2200 жыл.

Алайда, тарихи мәліметтерді көбірек жинау үшін мұнда археологиялық қазба жұмыстары бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Өйткені бүгінгі күнде бұл жерде - 19 ғасырдағы қазба жұмыстары, ал қазба жұмыстары төменге түскен сайын - 10-12 ғасырларға жетуге болады. Қалпына келтірілген схемалар, фотосуреттер мен сызбалар бойынша Цитадельдің көптеген ғимараттары қайта тұрғызылды. "Үміт баспалдағы", "Махаббат мұнарасы", хауз, "Алхимиктер мұнарасы", ежелгі пештерді қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізілді. Осы сәулеттік нысандар бастапқы қалпына толық келтірілді.

Цитадельдің ең биік орнынан қаланың көрінісі ашылады және осы жерден қала көшелерінің ашылған көрінісін тамашалауға болады. Бақылау палубасында бинокльден тау шыңдары көрінеді.

Шымкенттің ескі қалашығына Ресейден, Түркиядан, Өзбекстаннан және Қазақстанның басқа өңірлерінен келетін туристер өте көп. Келушілердің арасында журналистар, блогерлер және туроператорлар да бар. Олар Шымқаланың тарихына қызығушылық тудырып, жерлестеріне таңғажайып орын екенін жеткізе алады.

Цитадель - өзінің тарихи өзегін сақтаған қала, Шымкенттің тарихы дәл осы жерден басталады.

ШЫМКЕНТ ХАЙУАНАТТАР САЯБАҒЫ

Дендросаябақтың жанында 2022 жылға есептегенде өтілі 42 жыл болған қалалық хайуанаттар бағы орналасқан. Алғашқы жылдары қалалық хайуанаттар бағында жануарлардың 70 түрі ғана болған. Ал қазіргі кезде олардың түрі қаншама көбейген.

Мұнда дақты бұғылар, жолбарыс, питондар, арыстандар, бегемоттар, жирафтар, тасбақалар тұрады. Балықтар мен құстардың коллекциясы бар. Хайуанаттар бағында оқушылар мен биологиялық және экологиялық факультеттердің студенттеріне дәрістер мен кеңестер өткізіліп тұратын биология кабинеті бар, Хайуанаттар бағының жанында қаланың Тұлпар - әсем көлі орналасқан. Онда катамарандар мен қайықтарға мінуге болады.



«КЕҢ БАБА» ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ САЯБАҒЫ

Этносаябақ ескі қаланың орталығында орналасқан.

Бұл саябақ XIX ғасырдың аяғында салынған, сол себептен «Собор бағы»- деп аталып кеткен. Оның аумағында ғасырлар бойы өсіп келе жатқан ағаштарды, жасанды тоғандардағы балықтарды, суда жүзіп жүрген құстарды тамашалауға болады.



Бақтың ішінде қонақтардың демалысы үшін арналған серуендеу аймақтары, жасанды арналар, субұрқақтар, спорт алаңдары, балалар ойын алаңдары, аттракциондар бар.

Ал тағы бір этникалық компонент — ол суретшілердің, қолөнершілердің павильондары, және де ұлттық тағамдары бар кафелер.





ШЫМКЕНТ-ЦИРК

Шымкенттегі Цирк - Астаналық және Алматылық циркттерден кейінгі еліміздегі үшінші цирк. Еліміздегі ең жас цирктің бірі, тұрақты труппасы стационарлық ғимарат 2011 жылы алған. Труппаның репертуарында жүзден астам нөмірлер мен қойылымдар бар.

ШЫМКЕНТТІҢ АРБАТЫ



Шымкентте 2018 жылы Бейбітшілік даңғылында ашылған жаяу жүргіншілер аймағы.

Мұнда велосипед жолдары, орындықтар, шамдар, субұрқақтар, селфи алаңдары және заманауи өнер нысандары бар. Арбаттың ортасында граниттен Қазақстанның атлас-картасы орнатылған.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ҚУЫРШАҚ ЖӘНЕ ЖАС КӨРЕРМЕН ТЕАТРЫ

Облыстық қуыршақ театры ерекше ғимаратта орналасқан. Ғимарат XX ғасырдың басында қызыл күйдірілген кірпіштен тұрғызылған, 1920 жылға дейін Николь ғибадатханасы болған. Кеңес жылдарында ғимарат кітапханаға, кейінірек пионерлер сарайына берілген. Қазіргі уақытта бұл жерде көрермендер театры жұмыс істеп тұр.



Айта кетсек, Шымкентте театр біреу ғана емес, театр өнерін сүйетіндер: Опера және балет театрына, Ж.Шанин атындағы Қазақ драма театрына және Орыс драма театрына барып олардың өнерін бағалай алады.



ШЫМКЕНТТЕГІ ҚОШҚАРАТА ӨЗЕНІ

Қаланың ескі тұрғындары бала кездерінде халық бұл жердің суын ішіп, оны тағамдарға қосқандары туралы жиі естеріне түсіріп отырады. Бұл жерде мөлдір таза су болған. Судың көлемі де өте көп болған.

Бұл өзеннің пайда болуы туралы елдің арасында аңыздар өте көп, бірақ бәрінің бір айтатыны - ол Қашқаратамен байланысты. Бір аңыз бойынша Қошқарата Қожа-Ахмет Ясауидің шәкірті болған. Ол ұстазының еңбектерін мұқият зерттеп, оның өсиеттерін орындаған.

Қошқарата Құран мен хадистерді терең білгенімен, шыншылдық пен әділдігімен, әр қашан адамдарға қамқорлықпен көмек беру қасиетімен халық арасында құрмет пен даңқыға иеленіп, бий және сот болып сайланған. Осы қызметте болған кезде ол әрқашан әділеттілік жағында болды.

Тағы бір аңыз бойынша, жаздың ыстық күнінде далада керуен өтіп бара жатқан. Жолаушылардың бір тамшы суы қалмаған. Айналада бірде бір құдық жоқ. Алыста бір ақсақалды байқаған олар оны басында аян, - деп ойлайды. Ақсақал олармен теңескен кезде, олармен сәлемдеседі. Жолаушылар одан қай жерде су табуға болатынын сұрайды. Ақсақал үш үлкен тасты көрсетіп, олардың астында бұлақ соғып тұрғанын айтады. Бірақ бұл тасқа бір адамның күші жетпейді, - деп ескертеді. Керуеншілер тастарға үйіліп, оларды орнынан жылжытқанда, астынан мөлдір таза бұлақ ағады. Адамдар шөлін қандырды, ал бұлақ үлкен аумаққа тарап бастайды.

Біраз жылдар бойы адамдар өзен суымен шөлдерін қандырып қана қоймай, жараларын да емдеген. Бүгінгі күнде де, қала тұрғындары өзенде жазда ғана жанға салқындық пен рахат тауып қана қоймай, суық мезгілде де бұлақтан бойларына күш-қуат жинап қайтады.

Қошқарата өзеннің басында жерленген болатын. Кейінірек Қошқаратаның қабірі салынған көпқабатты үйлердің дәл ортасында қалып кеткен, сондықтан оны жылжыту туралы шешім қабылданды, жаңа мазар тұрғызылды.

2010 жылы Қошқарата - ерекше қорғалатын табиғи аймақ мәртебесіне ие болды. Содан бері ол қалалық дендросаябақтың бөлігі болып бекітілген. Мәртебе 12,3 га аумақты қамтыды – басталу орнынан Ордабасы алаңына дейін.

Қошқарата – қала тұрғындары мен қонақтарының жиі баратын, Шымқаланың әдемі демалыс аймағы.



ИСТОРИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ДЕПАРТАМЕНТА ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ ПО ГОРОДУ ШЫМКЕНТ

С присвоением Шымкенту статуса города республиканского значения в 2018 году ДГД по Южно-Казахстанской области был реорганизован путем отделения от него ДГД по городу Шымкент.

Сегодня в структуру городского департамента входят

13 управлений

три таможенных поста

ЦТО, «Аэропорт-Шымкент», «СЭЗ «Онтустик»

пять территориальных УГД

Аль-Фарабийского, Абайского, Енбекшинского, Каратауского районов и СЭЗ «Онтустик»

КОМПЕТЕНТНОСТЬ, ОПОРА, ДОВЕРИЕ!



Турысов Ерлан Алимкулович
заместитель руководителя Департамента



Жамалбеков Берик Жаппарович
заместитель руководителя Департамента



Ешанкулов Сапарбек Еркинбекович
заместитель руководителя Департамента

ТЕРРИТОРИАЛЬНЫЕ УПРАВЛЕНИЯ ГОСДОХОДОВ

УГД ПО АЛЬ-ФАРАБИЙСКОМУ РАЙОНУ



Количество налогоплательщиков -
213 004, из них:
ЮЛ - 7 768,
ИП - 18 113,
ФЛ - 187 123.

Руководитель управления -
Ашенов Багдаулет Толебаевич

УГД ПО АБАЙСКОМУ РАЙОНУ



Количество налогоплательщиков -
414 699, из них:
ЮЛ - 7744,
ИП - 26 236,
ФЛ - 380 719.

Руководитель управления -
Ахметов Улан Куандыкович

УГД ПО ЕНБЕКШИНСКОМУ РАЙОНУ



Количество налогоплательщиков -
276 739, из них:
ЮЛ - 6945,
ИП - 18 858,
ФЛ - 250 936.

Руководитель управления -
Темиралиев Сабит Абаевич

УГД ПО КАРАТАУСКОМУ РАЙОНУ



Количество налогоплательщиков -
286 476, из них:
ЮЛ - 4660,
ИП - 18 894,
ФЛ - 262 922.

Руководитель управления -
Сейтжан Еркин Канатович

УГД СЭЗ «ОҢТҮСТІК»



Территория специальной экономической зоны «Оңтүстік» составляет 225 га огражденной земли с развитой транспортной и инженерной инфраструктурой. На территории СЭЗ «Оңтүстік» зарегистрировано 41 предприятий, 25 из них производят и реализуют продукцию (ковры, шерстяное волокно, текстильные изделия, целлюлоза и химические добавки).

Руководитель управления -
Кудияров Кайрат Төлебаевич

Шымкент қаласы бойынша МКД құрылымы қызметіне қарай бірнеше басқармалардан тұрады. Басқармалардың қызметімен танысайық.

БІЗДІҢ БАСҚАРМАЛАР



Есқараев Боранбай Садықұлы

*кадр және ұйымдастыру-қаржы
басқармасының басшысы*

Алдыңғы қатарлы басқарманың бірін басқарып отыр. Ол әр қызметкердің жай-күйінен хабардар. Департаменттің жұмысын ұйымдастыру және материалдық-техникалық қажеттіліктерді қамтамасыз ету бойынша маңызды мәселелерді реттейді.

Басқару функцияларында қолайлы еңбек жағдайларын жасау, мамандардың мансаптық өсуіне мүмкіндік беретін қызметкерлердің біліктілігін арттыру, жұмыс нәтижелеріне сәйкес марапаттау мен материалдық ынталандыру маңызды орын алады.

Жұмысқа жас мамандарды тарту және тәжірибелі мамандардың тәлімгерлік етуіне ерекше мән береді.

Бүгінгі таңда, 244 қызметкерлер біліктілігін арттырды, 17 қызметкерлер қайта даярлаудан және 14 қызметкерлер тағылымдамадан өтті.

БЮДЖЕТКЕ ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР ҰЛҒАЯДЫ

Салық түсімдері мемлекеттің барлық салық саясатын құруға ғана емес, сонымен қатар белгілі бір аймақтарда тұратын азаматтардың қаржылық жағдайына да маңызды әсер етеді. Бұл ретте салық түсімдері бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыруда да шешуші рөл атқарады.



Ажиметова Гульфари Нуржановна

талдау және тәуекелдер басқармасының басшысы

Жоспарланған көрсеткіштертердің орындалуы



Елдің экономикалық әл-ауатын қамтамасыз ету және кірістерді тиімді әкімшіліктендіру кірістер қызметінің басты мақсаты. Болжамды көрсеткіштерді орындау және мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдерді ұлғайтуға бағытталған шараларды күшейту біздің негізгі бағытымыз.

Шымкент қаласы мегаполис мәртебесіне иеленгелі бері бюджет түсімдерін жыл сайын арттыру мақсаты қойылған болатын, нәтижесінде жылдан жылға түсімдер ұлғайып келеді.

Мысалы: 2020 жылы мемлекеттік бюджет түсімдері 2019 жылдың түсімдеріне қарағанда 44 млрд. 898 млн.теңгеге артса, 2021 жыл түсімдері 49 млрд. 859 млн.теңгеге, ал 2022 жыл қорытындысымен мемлекеттік бюджет түсімдері 103 млрд. 250 млн.теңгеге артады деп күтілуде.

2019-2022 ж.ж. мемлекеттік бюджет түсімдерінің динамикасы


млрд.теңге

	2019 ж. түсімі	2020 ж. түсімі	2021 ж. түсімі	2022 ж. күтілетін түсім	ауытқу 2020 ж. - 2019ж.	ауытқу 2021ж.-2020ж.	ауытқу 2022 ж.-2021ж.
республикалық бюджет	98 690 650	96 114 483	118 493 068	146 363 622	-2 576 167	22 378 585	27 870 554
жергілікті бюджет	97 854 974	145 329 499	174 491 425	248 189 424	47 474 525	29 161 926	73 697 999

Түсімдердің құрамы мен динамикасына келетін болсақ

- қосылған құн салығы түсімдері 61% артып 46,7 млрд.теңгені құрады, жалпы түсімдердің ішінде үлес салмағы 15%;

- корпоративтік табыс салығының түсімдері 29% артып 30,1 млрд.теңгені құрады, жалпы түсімдердің ішінде үлес салмағы 10%;



- жеке табыс салығының түсімдері 33% артып 33,2 млрд.теңге құрады, жалпы түсімдердің ішінде үлес салмағы 11%;

- акциздер түсімі 118% артып, 101,1 млрд.теңгені құрады, жалпы түсімдердің ішінде үлес салмағы 32%;


- кеден төлемдері мен салықтарының түсімдері 55% артып 33 млрд.теңгені құрады, жалпы үлес салмағы 11 % ;

- бейөндірістік төлемдер түсімі 12% артып 22,9 млрд.теңгені құрады, үлесі түсімдер ішінде 7 %;

- әлеуметтік салық түсімдері 14 % артып 22,6 млрд.теңгені құрады, үлес салмағы түсімдер ішінде 7 %;

- ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан әкелетін тауарларға қосылған құн салығы түсімдері 1% артып 21,3 млрд.теңгені құрады, үлесі 7 %;

- жер қойнауын пайдаланушылар үшін арнайы төлемдер түсімі 14 % артып 532,4 млн.теңгені құрады.



Салықтық және кедендік әкімшіліктендіру жұмыстары нәтижесінде 2022 жылдың 10 айында мемлекеттік бюджетке анықталған резервтер есебінен 29 млрд. 394 млн.теңге қосымша түсім түсті. Оның ішінде:

республикалық бюджетке – 20 млрд. 995 млн.теңге.

жергілікті бюджетке – 8 млрд. 398 млн.теңге.

ҚАЛА ҚҰРАУШЫ КӘСІПОРЫНДАР

аумақтар экономикасын
дамытуда маңызды рөл атқарады

«ПЕТРОҚАЗАХСТАН ОЙЛ ПРОДАКТС» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ



2021 жылы жалдамалы жұмысшылар саны 1 852 адам, жалақы қоры – 11,7 млрд. теңге. Ал, жалпы жылдық жиынтық табысы – 182,6 млрд. теңге.

2022 жылдың 10 айында жергілікті бюджетке – 102,8 млрд. теңге, ал Республикалық бюджетке – 12,8 млрд. теңге аударды.

«АВИАКОМПАНИЯ «SCAT» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



2021 жылы жалдамалы жұмысшылар саны 1 481 адам, жалақы қоры – 5,9 млрд. теңге. Ал, жалпы жылдық жиынтық табысы – 89,6 млрд. теңге.

2022 жылдың 10 айында жергілікті бюджетке – 2,1 млрд. теңге, ал Республикалық бюджетке – 2,8 млрд. теңге аударды.

Ең көп жұмыс орнын қамтамасыз еткен

«ФИРКАН» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ



2021 жылы жұмысшылар саны 2 088 адам, жалақы қоры – 3,3 млрд.теңге. Ал, жалпы жиынтық жылдық табысы – 1 млрд. теңге.

2022 жылдың 10 айында жергілікті бюджетке – 568,7 млн. теңге, ал Республикалық бюджетке – 1,8 млрд. теңге аударды.

«КОМПАНИЯ ЭВРИКА» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

2021 жылы жалдамалы жұмысшылар саны 1 701 адамнан тұрады. 2021 жылғы жалақы қоры – 3,8 млрд. теңге. Ал, 2021 жылғы жалпы жылдық табысы – 67 млрд. теңге.

2022 жылдың 10 айында жергілікті бюджетке – 748,4 млн. теңге, ал Республикалық бюджетке – 1,3 млрд. теңге аударды.



ВСЕ ДЛЯ НАЛОГОПЛАТЕЛЬЩИКОВ

От качества оказания государственных услуг зависит уровень доверия граждан к деятельности государственных органов. Сегодня мы не представляем жизни без государственных услуг. Радует, что ежегодно процесс их оказания становится все более совершенным в части удобства и доступности.



Бейсенбаева Жулдуз Бакеновна
руководитель управления государственных услуг

Качественное оказание государственных услуг - одно из важнейших направлений деятельности органов государственных доходов. Госуслуги оказываются непосредственно самим Департаментом государственных доходов, его четырьмя районными управлениями, ЦТО, таможенными постами «Аэропорт-Шымкент» и «СЭЗ «Онтустик».

ОКАЗАННЫЕ УСЛУГИ ЗА 10 МЕСЯЦЕВ 2022г.



Всего за 10 месяцев 2022 года было оказано 874 745 услуг, из них:

- ✓ в электронном виде - 867 588 услуг, или 99,2%;
- ✓ на бумажных носителях - 7151, или 0,8%;

НАИБОЛЕЕ ВОСТРЕБОВАННЫЕ УСЛУГИ

1

Прием налоговой отчетности

437 235 или 50,0%

2

Представление выписок из лицевого счета о состоянии расчетов с бюджетом, по исчислению и перечислению социальных платежей

206 515 или 23,6%

3

Проведение зачетов и возвратов налогов, платежей в бюджет, пени, штрафов

73 061 или 8,4%

В территориальных УГД функционирует электронная система управления очередью (ЭСУО). За истекший период текущего года, по данным ЭСУО, всего в явочном порядке было обслужено **4515** налогоплательщиков. Среднее время ожидания своей очереди составило **1,5 минуты**, а среднее время обслуживания - **2,5 минуты**.

По сравнению с аналогичным периодом прошлого года почти в четыре раза наблюдается снижение оказанных услуг в явочном порядке, что является результатом популяризации и эффективности применения электронных сервисов оказания услуг.



КОНТАКТ-ЦЕНТР ЭТО ОПЕРАТИВНОЕ РЕШЕНИЕ ПРОБЛЕМ НАЛОГОПЛАТЕЛЬЩИКОВ

С начало года в Контакт-центр поступило порядка **18 000 обращений**, из них наибольшее количество было по вопросам исчисления местных налогов - **транспортного, имущественного, земельного** (необоснованная задолженность, арест счетов).

При обращении в контакт-центр операторами рекомендуется использовать сервисы **«E-Salyk AZAMAT»**, **«E-Salyk Business»**, **«SalykBot»**.

В целях обеспечения увеличения доли налогоплательщиков, оценивающих качество предоставляемых услуг удовлетворительно, проводится анализ причин обращений на **телефон 1414**.

Для оперативного решения проблем и оказания незамедлительной помощи налогоплательщикам на уровне ДГД и УГД созданы **WhatsApp-чаты**.

КРЕАТИВ, КОНКУРС И... БЛОГЕРЫ

Важно вести разъяснительную работу о деятельности органов государственных доходов среди населения, ведь это повышает уровень доверия и финансовую грамотность граждан.

Для этого мы используем различные инструменты - телевидение, радио, печать, билборды, LED-экраны, площадки, интернет-ресурсы, организацию челленджей и другое. Департаментом применяется творческий и креативный подход, к примеру, изготавливаются ролики с участием узнаваемых лиц - актеров, лидеров мнений, проводятся конкурсы.

Так, в целях популяризации акции «Гражданский контроль - требуй чек» и стимулирования граждан требовать чек при покупке товаров и получении услуг проведен конкурс «Предъяви чек - получи приз». Для осуществления розыгрыша призов был создан специальный телеграмм-бот, куда участники отправляли до пяти чеков и получали порядковый номер к каждому документу. Результаты конкурса были объявлены на официальной странице ДГД 15 сентября в прямом эфире, а 3 октября победители получили призы.

Учитывая то, что сейчас основная масса населения получает информацию через социальные сети, мы начали тесно сотрудничать с блогерами, лидерами мнений, имеющими большое влияние на аудиторию в соцсетях.

Также мы прибегли к услугам маркетологов социальных сетей, которые выстраивают стратегию продвижения правильного позиционирования ДГД в соцсетях.

ЗАҢНАМА-НАҚТЫ ҰҒЫМ

ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ДЕКЛАРАЦИЯ (240.00-СЕН)

Салық есептілігін ұсынады жеке тұлғалар:

- ✓ мүлктік кіріс, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлкті өткізуден кіріс, сондай-ақ төлем көзінен салық салынған кірістерді қоспағанда, басқа да кірістер алған;
- ✓ Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден кірістер алған;
- ✓ резидент-еңбекші көшіп келуші;
- ✓ жеке практикамен айналысатын;
- ✓ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркелген заңды тұлғаның меншік құқығында жылжымайтын мүлкі, бағалы қағаздары, жарғылық капиталына қатысу үлесі бар (активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсыну бойынша міндеттемесі бар жеке тұлғаларды қоспағанда (250.00 нысан));
- ✓ ҚР аумағынан табыс алған резидент емес салық төлеушілер.

Ұсыну мерзімі Салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей

Төлеу мерзімі 10-ші сәуірден кешіктірмей, БСК 101202.

Ұсыну тәсілдері, электронды түрде:

- ✓ салық төлеушінің кабинеті (cabinet.salyk.kz);
- ✓ СЕЭЖ АЖ;
- ✓ «E-Salyq Azamat» мобильді қосымшасы;
- ✓ қағаз тасығышта «Азаматтарға арналған үкімет» КАҚ

БАҚЫЛАУ-КАССА МАШИНАСЫН ҚОЛДАНУ



Қазақстан Республикасы аумағында салық төлеушілер ақшалай есеп айырысу кезінде онлайн бақылау - касса машиналарды қолдану және тұтынушыға чекті беруі міндетті.

Бақылау-касса машинасының чегі келесі ақпараты қамтуға тиіс:

- 1) салық төлеушінің атауын;
- 2) салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірін;
- 3) бақылау-касса машинасының зауыттық нөмірін;
- 4) бақылау-касса машинасының салық органындағы тіркеу нөмірін;
- 5) чектің реттік нөмірін;
- 6) тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жасалған күн мен уақытты;
- 7) тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бір бірлігі үшін бағасын;
- 8) фискалдық белгіні;
- 9) деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарының бақылау чегінің төлнұсқалығын тексеру үшін фискалдық деректер операторының атауын және фискалдық деректер операторы интернет-ресурсының деректемелерін;
- 10) тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауын;
- 11) сатып алынатын тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің санын, олардың өлшем бірлігін;
- 12) тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатудың жалпы сомасын;
- 13) егер салық төлеуші қосылған күн салығын төлеуші болып табылса – қосылған күн салығы салынатын айналымдар жөніндегі мөлшерлемелі көрсете отырып, қосылған күн салығының сомасын;
- 14) бақылау-касса машинасы пайдаланылатын жердің мекенжайын;
- 15) бақылау-касса машинасының чегі туралы ақпаратты кодталған түрде қамтитын штрих коды.

Барлық, онлайн бақылау- касса машиналарды қолданатын салық төлеушілер, 2022 жылдың соңына дейін бақылау - касса машиналардың бағдарламасын 2.0.2. Хаттама нұсқасына дейін жаңартуы қажет. 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап аталған нұсқадан өзгеше Хаттамаларды фискалдық деректер операторы қолдамайды.

НАЛОГОВАЯ ПРОВЕРКА

Понятие налоговой проверки

Налоговые проверки являются одной из форм налогового контроля. Согласно Налоговому кодексу РК налоговая проверка - это проверка, осуществляемая органами налоговой службы, исполнения налогового законодательства Республики Казахстан.

Одной из основных задач, возложенных на органы налоговой службы, является контроль за полнотой и своевременностью уплаты налогов и платежей в бюджет.

Участниками налоговых проверок являются должностные лица органов налоговой службы, указанные в предписании, иные лица, привлекаемые к проведению проверки, которые должны быть указаны в предписании и налогоплательщик.

Виды, сроки, периодичность, порядок проведения и документирования налоговых проверок определяются статьями 138 - 164 Налогового кодекса Республики Казахстан и проведения проверок регулируются Предпринимательским кодексом Республики Казахстан.

Задача налоговой проверки состоит в установлении соответствия обязательств налогоплательщика требованиям законодательства. Органам налоговой службы необходимо документально подтвердить факты выявленных налоговых правонарушений и отразить их в акте налоговой проверки.

В период налоговой проверки налогоплательщик обязан предоставить должностному лицу всю документацию, касающуюся предмета проверки и допустить его на объекты, связанные с налогообложением для обследования. Проведение налоговой проверки не должно приостанавливать деятельность налогоплательщика либо оказывать отрицательное влияние на результаты предпринимательской деятельности.



Бактыбаева Улжан Тыныштыкбаевна

руководитель управления аудита

Вид налоговой проверки

Налоговые проверки, проводимые по особому порядку, осуществляются в соответствии с полугодовым графиком, утвержденным приказом министра финансов РК. Надо отметить, данные сведения не представляют налоговую тайну. График проведения налоговых проверок был опубликован 22 мая 2022 года на II-полугодие 2022 г. доступен по ссылке <https://www.gov.kz/memleket/entities/prokuror/documents/>.

Важно знать, что до начала проведения налоговых проверок по особому порядку, налогоплательщик может самостоятельно устранить нарушения налогового законодательства путем представления дополнительной отчетности в пределах срока исковой давности, тем самым минимизируя для бизнеса последствия.

Налоговые органы обязаны, не менее чем за тридцать календарных дней до начала проведения налоговой проверки, проводимой по особому порядку на основе оценки степени риска, направлять или вручить извещение о проведении налоговой проверки налогоплательщику по установленной форме. Извещение налогоплательщиков содержит данные о запланированной налоговой проверке, предварительный перечень документов, необходимых для ее проведения.

Все остальные проверки, не включенные в график, являются внеплановыми, в т.ч. по заявлениям самого налогоплательщика на ликвидацию, по основаниям, предусмотренным Уголовно-процессуальным кодексом, на основании решения вышестоящего органа и др. Здесь следует отметить, что по внеплановым проверкам согласно действующему законодательству, в адрес налогоплательщика не направляется извещение уведомительного характера, дающее право в течение 30 календарных дней самостоятельно устранить нарушения.

Налоговая проверка представляет собой комплексное исследование первичных учетных и иных бухгалтерских документов налогоплательщика, регистров бухгалтерского учета, бухгалтерской отчетности и налоговой отчетности, любых других документов, имеющих отношение к вопросам исполнения налоговых обязательств, осмотр (обследование) имущества, принадлежащего налогоплательщику.

Срок проверки

Сроки проведения налоговых проверок не должны превышать 30 рабочих дней с даты вручения предписания. Налоговым Кодексом установлены максимальные сроки проведения налоговых проверок, которые могут быть продлены органами налоговой службы до 60 рабочих дней. Для юридических лиц, имеющих структурные подразделения, и для крупных налогоплательщиков, подлежащих мониторингу, срок проверки продлевается до 45-180 рабочих дней, в зависимости от особенностей осуществления деятельности налогоплательщика в РК.

Но при этом Налоговым кодексом предусмотрены случаи, когда сроки налоговых проверок приостанавливаются на период направления запросов в уполномоченные органы, иностранные государства и иные органы, и получения ответов по ним, а также на период выставления требований о предоставлении документов и получения ответов по ним.



Результат налоговой проверки

Завершением налоговой проверки считается составление должностным лицом налоговой службы акта налоговой проверки. В документе по результатам проверки в случае выявленных и начисленных сумм налогов и других обязательных платежей в бюджет, пени налогов и платежей налоговой службой выносится уведомление. Если же по завершении проверки нарушения налогового законодательства не установлены, уведомление, соответственно, не выносится.

Нарушения, выявленные во время налоговой проверки, ведут к привлечению налогоплательщиков к административной ответственности за занижение сумм налогов и других обязательных платежей в бюджет в налоговой декларации. В случае, если доначисленная сумма превышает пороговое значение в 50 000 МРП для юридических лиц и 20 000 МРП для индивидуальных предпринимателей, наступает уголовная ответственность.

Отдельно следует отметить, что, согласно действующему налоговому законодательству, предусмотрена процедура подачи письменного возражения на предварительный акт налоговой проверки, у которых по предварительным актам, сумма к начислению налогов, платежей и социальным выплатам превышает порог в 20 000 МРП.

Данная норма позволяет налогоплательщикам до завершения налоговой проверки и вынесения уведомления о ее результатах представить свои доводы и возражения на предварительные результаты, оформленные в форме предварительного акта и вручаемого налогоплательщику по аналогии с окончательными результатами проверки.

НАЛОГ НА ДОБАВЛЕННУЮ СТОИМОСТЬ


